

ҒТАХА 03.20.00

DOI: <https://doi.org/10.62724/202610108>

**Сабыргалиева Назгуль Бактыгалиевна\*<sup>1</sup>**

Phd доктор, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан,  
[naz.2612@mail.ru](mailto:naz.2612@mail.ru), ORCID ID:0000-0001-8934-2602

### **ХІХ–ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ДІНИ- КӨШБАСШЫЛАРДЫҢ ОРНЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ (ИШАНДАР, АХУНДАР, ХАЗІРЕТТЕР)**

**Аңдатпа.** Мақалада қазақ қоғамындағы ислам мәдениетінің қалыптасуы мен даму үдерісінде діни қайраткерлердің, ишандар, хазіреттер мен ахундардың атқарған қызметі кеңінен талданады. Автор ислам дінінің қазақ даласына таралуы, оның дәстүрлі дүниетаныммен сабақтаса орнығуы және қоғамдық санаға сіңу жолдарын тарихи деректер негізінде саралайды. Ишан, ахун, хазірет секілді діни лауазымдардың мәні ашылып, олардың рухани-ағартушылық, тәлім-тәрбиелік және қоғамдық қызметтері айқындалады.

Зерттеуде қожалар институтының рөлі, медреселер мен мектептердің қызметі, дәстүрлі (қадым) және жаңашыл (жәдид) оқу жүйесінің ерекшеліктері көрсетіледі. Патшалық Ресейдің отарлық саясаты жағдайында мұсылмандық білім беру орындарының қызметі мен оған қойылған талаптар да қарастырылады. Сонымен қатар ХІХ–ХХ ғасырдың басындағы діни реформаторлық қозғалыстың ықпалы мен ишандар институтының қоғамдағы орнына баға беріледі.

Досжан ишан Қашақұлы, Жиенғали ахун Жұмағалиұлы, Жұмағазы хазірет Тәнқеұлы, Жұмағұл хазірет Байшуақұлы, Бисен хазірет Абдоллаұлы сияқты тұлғалардың өмірі мен қызметі мысалға алынып, олардың ел бірлігі мен рухани тұтастықты сақтаудағы еңбегі көрсетіледі. Мақалада діни қайраткерлердің халыққа исламның негізгі қағидаларын түсінікті тілмен жеткізіп, ұлттық болмыспен ұштастыра насихаттауы нәтижесінде ислам құндылықтары қазақ қоғамының ажырамас бөлігіне айналғаны тұжырымдалады.

**Кілт сөздер.** Мектеп, медресе, ислам, Ресей империясы, мешіт, ағартушылық

**Сабыргалиева Назгуль Бактыгалиевна\*<sup>1</sup>**

Доктор Phd, Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова,  
Уральск, Казахстан, [naz.2612@mail.ru](mailto:naz.2612@mail.ru), ORCID ID:0000-0001-8934-2602

### **ХІХ – НАЧАЛО ХХ ВЕКА: МЕСТО И ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ РЕЛИГИОЗНЫХ ЛИДЕРОВ В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ (ИШАНЫ, АХУНЫ, ХАЗРЕТЫ)**

**Аннотация.** В статье всесторонне анализируется роль религиозных деятелей — ишанов, хазретов и ахунов — в процессе формирования и развития исламской культуры в казахском обществе. На основе исторических источников автор рассматривает распространение ислама в казахской степи, его укоренение в общественном сознании в тесной связи с традиционным мировоззрением. Раскрывается содержание религиозных званий ишан, ахун, хазрет, а также их духовно-просветительская, воспитательная и общественная деятельность.

В исследовании показана роль института кожей (потомков пророка), деятельность медресе и школ, особенности традиционной (кадим) и обновлённой (джадид) системы

обучения. Рассматривается функционирование мусульманских учебных заведений в условиях колониальной политики царской России и предъявлявшиеся к ним требования. Кроме того, даётся оценка влияния религиозно-реформаторского движения XIX – начала XX веков и места института ишанов в обществе.

На примере жизни и деятельности таких личностей, как Досжан ишан Кашакулы, Жиенгали ахун Жумагалиулы, Жумагазы хазрет Тенкеулы, Жумагул хазрет Байшуакулы, Бисен хазрет Абдоллаулы, показан их вклад в сохранение единства народа и духовной целостности общества. В статье делается вывод о том, что благодаря проповеднической деятельности религиозных деятелей, которые разъясняли основные положения ислама на понятном народу языке и сочетали их с национальной традицией, исламские ценности стали неотъемлемой частью казахского общества.

**Ключевые слова.** Школа, медресе, ислам, Российская империя, мечеть, просветительство.

**Sabyrgaliev Nazgul Baktygalievna**<sup>\*1</sup>

Phd, West Kazakhstan University named after M. Utemisov, Uralsk, Kazakhstan,  
[naz.2612@mail.ru](mailto:naz.2612@mail.ru), ORCID ID:0000-0001-8934-2602

## RELIGIOUS LEADERS IN KAZAKH SOCIETY IN THE XIXth – EARLY XXth CENTURIES (ISHANS, AKHUNS, KHAZRETS)

**Abstract.** The article comprehensively analyzes the role of religious figures — ishans, Hazrets and akhuns — in the process of formation and development of Islamic culture in Kazakh society. Based on historical sources, the author examines the spread of Islam in the Kazakh steppe, its rooting in the public consciousness in close connection with the traditional worldview. The content of the religious titles ishan, akhun, hazret, as well as their spiritual, educational, and social activities is revealed.

The study shows the role of the Institute of education (descendants of the prophet), the activities of madrasahs and schools, the features of the traditional (Kadhim) and updated (Jadid) education system. The article examines the functioning of Muslim educational institutions in the context of the colonial policy of tsarist Russia and the requirements imposed on them. In addition, an assessment is given of the influence of the religious reform movement of the 19th and early 20th centuries and the place of the Ishan institute in society.

The example of the life and work of such personalities as Doszhan Ishan Kashakuly, Zhiengali Akhun Zhumagaliuly, Zhumagazy hazret Tenkeuly, Zhumagul hazret Baishuakuly, Bisen hazret Abdollauli shows their contribution to preserving the unity of the people and the spiritual integrity of society. The article concludes that due to the preaching activities of religious figures who explained the basic provisions of Islam in a language understandable to the people and combined them with the national tradition, Islamic values have become an integral part of Kazakh society.

**Key words.** School, madrasah, Islam, Russian Empire, mosque, enlightenment.

**Кіріспе.** Ислам діні ғасырлар бойы қазақ даласында рухани-мәдени дамуының бір құрамдас бөлігі болып келеді. Ислам діні қазақ халқының ұлттық санасы мен ұлттық болмысына әсер етіп, мұсылман қоғамы әлемінде рухани біртұтастықты қалыптастырып келді. Қазақ халқының ұлттық құндылықтары ислам мәдениетімен терең мәнге ие болды. Ежелден қалыптасқан қазақ халқының әдет-ғұрыптары, құқықтық институттары,

моральдық ұстанымдары мен әлеуметтік қатынастарында исламның бірігіп, терең енуі уақыт өте келе нығая түсті. Бұл үдерісте ислам дінін көшпелі қазақ қоғамына бейімдеп, жергілікті халықтың өмір салтына жеңіл түсінікті тілмен насихаттауда орын алған діни қайраткерлердің үлесі мол.

Қазақ даласының жауһарларына айналған дін қайраткерлері, ахундар, ишандар, хазіреттер, қожалар білім беріп ғана қоймады, сондай ақ қоғамдық салада ой-пікірдің қалыптасуына ықпал етті.

Ел арасында адамгершілік қағидаларын таратып, ел мен халық арасында бірлік пен ынтымақты сақтауда діни тұлғалардың орны зор. Қоғамның рухани тұтастығын сақтауда діни институттар маңызды орын алды. Бұл кезеңде қазақ қоғамында жаппай білім беру ошақтары ашылып, шәкірт тәрбиелеу, оқуға ұмтылу кең қріс алған еді.

Қоғамда болып жатырған реформаторлық өзгерістердің қазақ даласына кеңінен таралуына әсіресе ислам құндылықтарын сақтай отыра діни қайраткерлер заман талабына сай түсіндіруге күш салды.

Бұл зерттеуде тарихи-деректерге сай ислам мәдениетінің тарихы мен діни қайраткерлердің рухани-ағартушылық қызметі талданады. Қазақ халқының ұлттық бірегейлігінің сақталуына әсер еткен діни тұлғалардың маңыздылығы айқындалады.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Мақаланы даярлау барысында әртүрлі дереккөздер кешені пайдаланылды. Атап айтқанда, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері, энциклопедиялық анықтамалықтар, мерзімді баспасөз материалдары, сондай-ақ XIX–XX ғасырлардағы қазақ даласындағы діни институттар қызметіне қатысты ғылыми зерттеулер негізге алынды.

Діни тұлғаларға қарасты тарихи мәліметтер әсіресе ауызша тарих дереккөздерінен алынады. Олардың өмірі мен қызметін сипаттауда фольклорлық үлгілер, ақын-жыраулар мұрасы, ел аузындағы аңыз-әфсаналар да қосымша дерек көзі ретінде қарастырылды. Бұл материалдар ишандар мен хазіреттердің қоғамдағы рухани беделі мен әлеуметтік ролін кешенді түрде ашуға мүмкіндік берді.

Бұл зерттеуде негізінен тарихи-танымдық талдау әдісі кеңінен қолданысқа ие болды. Ресей патшалығы кезеңінде рухани-ағарту саласында қызмет еткен дін қайраткерлерінің өмірін жан жақты саралау үшін тарихи-салыстырмалы әдіс қолданылды.

Бұл ғылыми зерттеуде сондай ақ қазақ қоғамындағы ислам мәдениетінің өркендеуі мен қоғамның санасының өсуіне баға беру үшін арнайы құнды деректерді саралау, жүйелеу және интерпретациялау тәсілдері кең пайдаланылды.

Ғылыми зерттеуге жан жақты тарихи-деректанулық және мәтіндік талдау жасау үшін ауызша және жазбаша дереккөздердің мазмұнына анализ жасау арқылы терең сараптау жүргізілді.

Біздің ойымызша бұл материалдар мен әдістер зерттеу жұмысын терең қарастыруға және жаңа көзқарас арқылы ғылыми тұжырым қалыптастыруға ықпал болды.

**Нәтижелер және оларды талқылау.** Қазақ қоғамына ислам дінінің келуі бірнеше ғасырларға созылып қазақ даласына терең енуімен ерекшеленді. Зерттеулерге жүгінсек қазақ даласында ислам дінінің бейбіт жолмен таралуымен және дамуымен ерекшеленеді. Көп жағдайда әр кезеңдегі тарихи оқиғаларға орай ислам діні түрлі үрдістерден өтіп отырды. Алайда, ислам діні ұлттың бірлігін, елдің ынтымақтығын қалыптастыруда негізгі бастаулардың бірі болып келді. Ислам дінінің қазақ жерінде таралуы ұзақ уақытқа созылғанымен қоғамға рухани-ағарту саласында көптеген өзгерістер әкелді. Осы кезеңде халық арасында елдің татулығын нығайтуда әділ қазылық қызметін атқарып, әдеп ережелерімен шариғат құндылықтарын насихаттауда үлгі болып келген мұсылман дін қайраткерлерінің - хазірет, ишан, ахундардың алатын орны бөлек болды.

Бұл зерттеуде осы кезеңде өмір сүріп қазақ халқының рухани-ағарту саласында қызмет еткен дәстүрлі ислам өкілдері қызметінің ерекшеліктері талданады. Бұл саланы зерттеушілердің ішінде профессор Ә.Дербісәлінің еңбектерін атап кетуге болады. Профессор Ә.Дербісәлі өзінің ғылыми жұмыстарында қазақ даласындағы дін қайраткерлерінің өмірін, тарихын зерттеп қана қоймай, бұл мәселенің методологиясын кеңінен ашты [1].

Қазақ даласына исламның кеңінен таралуы мен оның дұрыс оқытылып, насихатталуына ықпал еткен араб елдерінен келген қожалардың Қазақстан, Орта Азияға тұрақтап, қоныстанғаны деректерден мәлім. Қазақ даласына келген қожалар жергілікті халықпен сіңісіп, оның рухани мәдениетінің дамуына өз үлестерін қосты. Деректер көрсеткендей Тәуке ханның «Жеті жарғы» заңнамасында Қожаларға «қарапайым», «қара» халықтан жеті есе артық құн қойылғандығын келтіруге болады. Осындай көріністерден қазақ даласындағы ислам дінін таратуға үлес қосқан қожалардың орнының ерекшелігін байқауға болады.

Отандық тарихты зерттеуде «Насабнама» ескерткіші, әсіресе қазақ тарихындағы қожалардың тарихын зерттеуде маңызды тарихи-дереккөзге айналды [2]. Қазақ даласына келген қожалар тіпті көршілес Шығыс Түркістан аймағында да қазақ халқының ежелгі діни рухани құндылықтарымен бірге біте қайнасқан жергілікті халықтың ерекше рухани-діни мәдениетінің қалыптасуына ықпал еткен.

Бұл үдерістің жүзеге асуына басқада мұсылман дін қайраткерлері өз үлестерін қосып отырды. Қазақ даласындағы ислам дінінің орнығуына қожалардан бөлек, қазақ ортасынан шыққан хазіреттер, ахундар, ишандардың да үлесі зор. Қазақ халқының ислам мәдениетін қабылдап, ислам құндылықтарын түсінулеріне жоғарыда аталған мұсылман жауһарларының қосқан еңбектері аз болмады.

Қазақ тарихын, шежіресін зерттеуде құнды дерек көздің бірі болып табылатын Молла Мұхаммед Абд әл-Әлім Ахун Арзу Мұхаммедтің «Исламнаме» еңбегінде қазақ ұлтының арасында исламға сенімділік пен ұлттың исламға бейімделуі үшін қызмет атқарған қауымдастық жетекшісі Аппак қожаның ұрпақтары туралы деректерді көреміз. ХУІІІ ғасырдың екінші жартысында өлең түрінде жазылған бұл шежіренің қазақ тарихын жаңаша зерделеуге көп мүмкіндік береді.

В.В. Бартольд өзінің еңбектерінде ишандар туралы, «олар суфизм жетекшілері, Түркістан өңірінде бұл атау «шейх, пір, ұстаз (яғни оқытушылар) және ізбасарлар «мүрид» мағынасында қолданылған» деп түсінік береді [3, 675 б.]. Жалпы, дерекке сүйенсек «ишан» Орта Азияда суфизм жетекшілеріне берілген атақ болғандығын көреміз. Сонымен бірге ишан діни атағы мұрагерлік жол арқылы әкеден балаға жалғасып келген.

Басқа деректер көрсеткендей кейбір зерттеушілер ишандарды Құранның мәтінінен ақпарат беріп, хабар беріп отыратын молдалар десе, екінші біреулері тақуалыққа жақын, философиялық-дүниетанымдық көзқарасты ұстанған жандар деп келтіреді. Жалпы қазақ даласындағы ірі ишандар қожалардың тобынан шығып отырған. Бұл деректі И.И. Гейерде өз еңбегінде атап өтеді. Оның зерттеуінше қазақ қоғамындағы рулар «ишан» және «қожа» топтарын пірге бағалаған. Себебі ишан мен қожаларды көбіне өмір сүру қағидаларына қарап, ұқсас деп қабылдаған [4, 10 б.]. Зерттеулерге сүйенсек, ишан - деген халық арасында діни сауат ашу (әсіресе сопылық негіздерінде), оқу жұмыстарын белсенді жүргізуші, халыққа хақ дін ислам негіздері бойынша дұрыс ғибадат жасауды үйрететін, діни білімі бар адамға берілетін лауазым болған деп анықтама беруге болады.

«Ахун» (парсы сөзі «ахунд» - мұсылмандық діни лауазым; рухани ұстаз) - ХVІІІ ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ даласында қолданылған діни лауазым. Орта Азияны билеген Бұхар хандығы тұсында ислам ғұламаларының ең жоғарғы лауазымы.

Ресей империясы тұсында мүфтидің шариғат негізінде айтылған шешімі ахунның келісімінсіз жүзеге асырылмаған. Мысалға, қазіргі кезде ахун деген діни лауазымның орнына наиб мүфти лауазымы енгізілген. Патша заманында ислам дінінде ахун мүфтиден кейінгі атақ, лауазым болып табылады. Ахун лауазымы дінді терең меңгерген діни-ғұламаларға беріліп отырған [5, 579 б.].

Хазірет (арабша, қазақша - әзірет, қазірет)- жоғары дәрежелі дін иелеріне берілетін діни атақ. Мысалы, Мұхаммед Пайғамбардан кейінгі төрт халифалардың бірі Әли Әбу Тәліп қазақта Әзірет Әли деген атпен мәлім. Хазірет атағы мешіттің немесе белгілі бір аймақтағы мұсылман дін иелерінің басшысына да беріледі [6, 149 б.].

Қай кезде болмасын қазақ даласына белгілі болған діни жетекшілердің әдеттегідей негізгі миссияларының бірі ол білім тарату болды. Ислам діні Дала мәдениетінде орын ала бастағаннан, ертедегі Қазақстан қалаларында діни білім беріліп, медреселер салынды. Осы тұрғыда қазақ ортасындағы қожалардың қызметін атап отуға болады. Жалпы, сол кездегі діни білімді адамдар алдыменен қазақ хандары мен ақсүйектер балаларын оқытты. Бұл үрдіс сол Қазақ хандығының алғашқы кездерінен Ресей саясатының Далаға келе бастауына дейін орын алып отырды. Дегенмен, аталған тұста ақсүйектердің ұрпаққа білім беруінде жаңа ерекшеліктер пайда бола бастады. Мәселен Жәңгір хан Нарынның бір бөлігі Жасқұс кұмына сол өзінің ордасын тіккен ауылында 1841 жылы патша шенеуніктеріне, соның ішінде Орынбор әскери губернаторы П.К. Эссенге Ордада қазақ балаларына арнап орыс тілінде білім беретін мектеп ашу қажеттігін дәлелдеп, әлденеше рет хат жазған. Жәңгірдің ойынша, ондай мектеп қазақ балаларының Қазан университеті мен Орынбордағы Неплюев кадет корпусына, Ресейдің басқа да оқу орындарына түсуі үшін керек еді.

Рухани бағытында алғашқы діни білім мектепте (мактаб) беріліп, оқушылар араб тілін, Құран шариғаттарын үйреніп, мектепті (мактаб) бітіргендер келесі деңгейдегі білім алу үшін медреселерге барып отырды. Бұл тұрғыда да жаңа кезең өз ерекшеліктерін әкелді. Медреселер мен мектептердегі оқыту жүйесі отаршыл үкіметке қызмет ету мүддесіне қарай бейнделді. 1874 жылы қазақ еліндегі медреселер халық ағарту министрлігіне бағындырылды. Ресей империясының отарлау саясатының мүддесіне сәйкес мұсылман мектептерде орыс сыныптары ашыла бастады. Мұсылман оқу орындарына қатаң талаптар қойылды. Олардың орындалуын отаршылық әкімшілік үнемі қадағалап отырды. Бірақ бұған қарамастан, Қазақстан аумағында мектептер мен медреселер саны үздіксіз өсе берді, өйткені оқуға тілек білдірушілер саны барған сайын арта түсті. Сонымен бірге, қазақ жеріндегі медреселердің оқу бағдарламалары бойынша діни пәндермен қатар дүниетану пәндер оқытылды. Бұл бағдарламаларда Құран ілімі, тәпсір, хадис ілімі, фикһ, араб тілі, араб риторикасы, араб тарихы, фәлсафа, логика, математика және жаратылыстану пәндері болды. XX ғасырдың бас кезінде дәстүрлі мектептердегі оқуды бітіргеннен кейін қазақтар өз балаларын шәкірттерді жаңа әдіспен оқытатын Уфадағы «Ғалия», Орынбордағы «Хұсаиния», Троицкідегі «Расулия», «Уазифа» сияқты ірі медреселерге оқуын жалғастыруға жіберетін [7, 5 б.].

Бұл діниреформаторлық қозғалыстың әсері болатын. Сонымен қатар, қазақ қоғамында дінге ескіше оқыту формасы да (қадым) сақталып отырды. Демек, қаралып отырған кезеңде (XIX-XX ғасырдың басы) қазақ қоғамындағы діни көшбасшылар (ишандар, ахундар, хазіреттер) өз қызметтерін осындай өзгерген ортада атқарып отырды.

Ресей патшалығы кезеңінде қазақ даласына танымал болған діни тұлғалардың бірі Досжан ишан Қашақұлы (1812-1896 жж.). Тарихи мәліметтерге сүйенсек 1874 жылы Досжан ишан XIX ғасырдың ортасында Абайдың әкесі Құнанбай қажы бастаған бір топ қазақтармен бірге Меккеден қажылық сапарынан оралғаннан кейін қазіргі Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Шұбарқұдық елді мекенінің маңындағы Ишан ата кешеніне

карасты Доңызтаудағы Қайнар деген жерде екі үлкен мешіт салдырған. Деректер көрсеткендей Досжан ишан өз әкесі Қашақ молдадан 15-15 жасына дейін діни білім алып, Орынбор қаласындағы заманауи «Хұсайния» медресесінде білімін жалғастырған. Сонымен бірге соңғы үш жыл Орынбор қаласында мұдарристік қызмет еткен. Кейін елге келіп Ойыл ауылында ұстаздық қызметімен айналысқан. Марат Қабижанұлының дерегінде 1842 жылы Досжан ишан жасы отызға келген шағында, мүрид жинауға арнайы рұқсат беретін иршад алып, мешіт-медресе ашқан. Досжан хазіреттің рухани салада қызметіне кіріскен кезде Орта Азияда сопылықтың соңғы формасы ишандық қызметтің дамыған кезеңі болған еді [8, 151-152 бб.].

Зерттеуімізде біз қарап отырған тұстағы діни қайраткерлердің қатарына Досжан ишанда жатады. Оның атқарған істері осы кездегі қазақ ортасындағы рухани салада болып жатқан үрдістерге қатысты еді. Алдыменен, оның өзінің діни білімінің өте жоғары болғанын көреміз. Сондықтан ол рухани жолда білімнің маңыздылығын түсініп осы бағытта қазақ жерінде көптеген іс атқарғанын көріп отырмыз. Елде мешіттер салдырып, бала оқытып, ұстаздық еткен. Жалпы он тоғызыншы ғасырда Қазақстанда көптеп мешіттер салына бастағаны белгілі және осы тақырыпты көтеретін жұмыстарда оның бірнеше себептері айтылады, соның ішінде патша үкіметінің арнайы саясатының болғаны, дегенмен, бұл үрдістің орын алуына Досжан ишан секілді діни қайраткерлердің қосқан үлесі зор еді. Оған қоса бұл кезеңде қазақ жерінен Меккеге қажылыққа сапар шеккендердің де санының өскені белгілі. Он тоғызыншы ғасыр жағдайында Меккеге мұндай сапар шегу киындыққа толы, кейде жылдарға созылатын іс еді. Ондайға, шыныменен де, діни жолға өз ниетімен толықтай шыққандар ғана тәуекел ететін. Досжан ишан да солардың қатарында болғанын көріп отырмыз. Осының бәрінен оның діни тұлғалығын сыртқы көріністерден емес білімдарлығы мен тәқуалығынан байқаймыз.

Жиенғали Жұмағалиұлы (1880-1943 жж.) өз заманында еңбегімен де жасаған қызметімен де халыққа танымал болған тарихи тұлғалардың бірі. Ал хазіреттің шыққан тегі үш жүзге танымал болған соның ішінде Кіші жүздің көшбасшысы Досжан ишанмен байланысты. Әбубәкір Кердері өз жырларында Жұмағали хазіреттің Досжан ишанның туған жиені екендігі туралы жырлайды. Бүгінгі таңда зерттеуіміз үшін құнды фольклорлық дерек болып табылатын Әбубәкір Кердерінің дерегінді Жиенғали хазіреттің рухани-ағартушылық саладағы рөлі туралы маңызды мәліметтер аламыз.

Сондай-ақ халық арасында Жиенғали ахун туралы Омар шайыр айтты деген мынадай өлең шумақтары бар:

Жиенғали ахуным Мысырға барып шам жаққан.

Бұл мекенге белгілі Ғұлама келген жан - жақтан...

Шәкірттерге дем берген Шарапатын ел көрген.

Жиенғали ахунның Іліміне ел тан қалған... [9, 76.]. «Дәуқара», «Шымбай», «Көкөзек», «Қара бұға», «Нұрым түбек» елдеріне белгілі болған Омар шайырдың бұл өлеңінен де Жиенғали ахунның елге қаншалықты қадірменді, беделді ұстаз болғанын тағы бір мәрте тануға болады.

Жиенғали ахунның өсіп жетілген ортасы - дін исламды насихаттаған ағартушы-мұдарристер арасы болды. Жасынан бастап исламиятты таратуды басты борышым деп түсінген ахун алғашында «Көрсайдағы» мешітте оқиды, кейін «Тасқабақтағы» мешітте арапша, парсыша, түркіше сауаттанған Жиенғали ахун Жаманқала (қазіргі Орсқ), Қарақамыс (Темір ауданы), Орынбордан бастап Ресей қалаларының біразын аралаған. Петерборда (Петербург) оқып, сол қаладағы татар-қазақ зиялыларымен танысып, достасқан. XX ғасырдың басында Жиенғали ахун Ыстамбұлға барып медреседе оқиды, бірақ оқуын толық бітіре алмайды. Еліне келген соң оқуын Орынбор қаласындағы атақты «Хұсайния» медресесінде жалғастырады. Сол кезде Ресей мұсылмандары, әсіресе

Қырым мұсылмандары, жалпы түркі халықтары арасында пантүркизм, панисламизм идеялары мен әрекеттері күшейе бастаған шақ еді. Болашақ ахун осы идеяның әсерінде болғандықтан, патша өкіметі оны кезінде «саяси сенімсіз» адамдар қатарындағы тізімге алған. Дін жолын жұртқа жайып тарату үшін мешіт салып, медресе ашқан әрбір елден.

«Білген ғылымын үйреткен құдай үшін

Ақы алмаған өмірде ешбіреуден.

Азан сап ертеңді кеш күңіреткен,

Ұйқыдағы адамды тебіrentкен,

Ауырсам қасымда боп, ем-дом қылып,

Өлсем жуған, саулатқан «тәбарактен», - деп Сұлтанмахмұт Торайғыров жырлағандай Жиенғали ахун дін жолына мықтап түскен адал ниетті діни ағартушы болған [9,13-17 бб.].

Зерттеуімізде батыс Қазақстан облысында ХІХ ғасырда өмір сүрген дін қайраткерлерінің бірі де бірегейі Жұмағазы Тәңкеұлын айтуға болады. Бүгінгі таңда хазірет ел аузында «Дәдем ата» деген есіммен танымал. Жалпы хазірет Түркістан қаласында діни білімін алып, Қожа Ахмет Яссауи дүрбесінде діни қызмет атқарған. Жұмағазы хазірет кейін еліне оралып, рухани салада қызмет атқарған. Тарихи деректер көрсеткендей хазірет ел ішінде мешіт-медресе салып, шәкірт тәрбиелеумен айналысқан.

Жұмағазы хазірет Батыс Қазақстан облысының Казталов ауданының Жалпақтал ауылы мекенінде дүниеге келген. Жергілікті шежіреші Ким Ахметов дерегінде Жұмағазы хазіреттің шыққан тегін тама деп көрсетеді. Ким Ахметовтың «Жетіру шежірессі» (тама, табын және кердері рулары) деп аталатын еңбегінде Төлектен Мәтен, Мәтеннен Тантем, Тантемнен Тәуке, Тәукеден Жұмағазы хазірет деп, оның шежіредегі алатын орнын осылай сипаттайды. Зерттеуімізге сүйенсек хазірет туралы ел аузында көптеген аңыз-әфсана әңгімелер тараған [10].

Ел аузында және аңыз-әфсаналарда Жұмағазы хазірет туралы көптеген әңгімелер бар. Әсіресе хазіреттің ел ішінде оның ерекше қасиеті мен тылсым күш-қайраты туралы мәліметтер кең таралған. Халық аузында кең таралған әңгіменің бірінде Жұмағазы хазірет қосшы баласымен бірге бір арбамен келе жатып, арбаның белтемері үзіліп кеткен екен. Бұл оқиға барысында Жұмағазы хазірет үзілген белтемірді дем салу арқылы бір біріне жалғапты. Ал бұл оқиғаны көзіен көрген қосшы балаға хазірет елге айтуына, жария қылуына тиым салыпты. Мұндай ел аузында қалған Жұмағазы хазірет туралы сакральды әңгімелер көп таралған. Бұл, әрине, аңыз-әфсана, оны ғылыми тұрғыда талдаудың бұл жерде қажеттілігі тұрған жоқ. Тек айта кететін жәйт, ол аталған тұлғаның рухани жағынан жоғарғы деңгейге көтеріліп елдің құрметі мен сеніміне ие болғаны. Әр түрлі деректер Жұмағазы хазіретті халық шын мәнінде рухани көшбасшы ретінде мойындағанын көрсетеді.

Қазіргі таңда арнайы Жұмағазы хазіретке арналған «Дәдем ата» деген атауда ресми түрде жеке қор ашылып, өз жұмысын жалғастыруда. Жеке қордың жұмыстануының нәтижесінде арнайы мешіт салынып, зиярат етуге келген жандар үшін қонақ үйі де салынған. Бұл діни ғұлама мазары Орал қаласынан 80 шақырымдай жерде Жымпиты ауданына қарай Шымкент-Самара жолының бойында орналасып, көптеген халықтың назарын аударып үлгерді. Жұмағазы хазірет мәдени мұрасы бүгінде ұрпақтан – ұрпаққа мирас болып жалғасын табуда [11, 5-6 бб.].

Көрнекті діни тұлғалардың бірі - Жұмағұл хазірет Байшуақұлы. Ол 1858 жылы Тамды болысына қарасты №3 ауылда, Қызылшаң мекенінде дүниеге келген. Бұхарада діни білім алған, парсы тілінен бастап бірнеше шығыс тілдерінде еркін сөйлеген. 1906 жылы Ресейдің І Думасына депутаттар сайлауына дауыс беруге әрбір қазақ болыстығынан екі адамнан жіберуге шешім қабылданады. Қобда болыстығынан бұл

мәртебеге Жұмағұл хазірет ие болады. Жұмағұл хазірет Тамды болысы, Қызылшаң елді мекеніне қарайтын өз ауылынада мешіт салдыртып, сол маңдағы елдің балаларын оқытқан. Қобда өңірінде Жұмағұл хазірет ұстаған мешіттің қабырғасы ғана сақталған. Жұмағұл хазірет заманында белгілі дін қайраткері ретінде танылған. Ахун діни жоғары оқуларын тәмамдап, діни білім мен тәжірибесі жоғары бағаланып, оған ахун атағы берілген.

Осы қатарда сонымен бірге Ақтөбе өңірінің Қобда ауданына қарасты Жарық елдімекенінің Жаманкөл жайлауында 1878 жылы дүниеге келген Бисен Абдоллаұлының есімі ерекше. Бисен хазіреттің әкесі Абдолла Ресей патшалығының рухани-отарлау саясатының озбырлығына қарамастан қажылық сапарына екі мәрте барып келген. Абдолла қажы Өзбекстан жерінде діни білім алып қана қоймай, сол жерде ұстаздық қызмет атқарған. Ал баласы Бисен хазіреттің діни ілімінің жоғары деңгейде болуына әрине әкесі ықпал еткені мәлім. Бисен Абдоллаұлы діни білімін Бұхарада жалғастырып, медреседе 3 жыл оқиды. Одан кейін алған білімін Ыстамбұл қаласында жалғастырып 15 жыл білімін тереңдетуге арнайды. Бисен хазірет елге оралған соң білім саласында қызмет етеді. Жаманкөл ауылында сол кездің белгілі ұстазы Бірман Көшімқұлұлына мешіт салдырып, өзі осы мешітте он алты жыл қызмет жасап, шәкірттерге дін сабақтарымен бірге араб тілінен дәріс берген. Жалпы Бисен хазірет өмірінің соңына дейін халықты имандылыққа тәрбиелеп, бірлікке шақырып отырған. Алайда Кеңес үкіметі тұсында Бисен Абдоллаұлы мешіт ұстап, халықты исламға үгіттеген діндар ретінде қуғынға ұшырайды. Бүгінгі таңда Ақтөбе қаласында Бисен хазіреттің жеке төлқұжаты мен күнделігі сақтаулы [12, 5-6 бб.].

Осындай тұлғалар жөніндегі мысалдарды жалғастыра беруге болады. Мұның бәрі нені байқатады? Ол сол тұстағы қазақ ортасында бұл құбылыстың кездейсоқ емес және жүйелі түрде орын алғанын көрсетеді. Аталған тұлғалар сияқты тұлғалардың сол кезде еліміздің әр аумағында болғанын және олардың қызметінің халық арасында рухани құндылықтардың орнығып таралуында маңызды орын алғанына көз жеткізеді. Әрине, қазақ даласында қашанда рухани көшбасшылар табылып отырды. Дегенмен, біз қарап отырған кезең жаңа ерекшеліктер орын алған және Ресей империясының отарлық саясатының кеңее бастаған кезеңі болғандықтан қазақ даласында оның өзіне тән рухани құндылықтардың сақталып одан әрі дамуы маңызды мәселе болған кезең еді.

Жаңа тәуекелдер мен өзгерген жағдайды ескере отырып аталған жетекшілер ислам діні мен Дала рухани мәдениетінің ұштастырылуы арқылы қазақ ортасында қалыптасқан құндылықтарды сақтап, сол тұстағы жағдайда одан әрі дамытуға өздерінің қомақты үлестерін қосты. Бұлардың көбісі қазақтың бұрынғы сопылық дәстүрінің сол тұстағы өкілдері бола тұрып, канондық ислам институттарының Қазақстанда жүйелі орнығуына да атсалысты (мешіттер мен медреселердің еліміздің барлық аймақтарында кеңінен салынып таралуына, ислам рухани орталықтарына қажылықтың кеңінен орын алуына, діни білімнің жүйелі таралуына және т.б.). Сонымен бірге, заманның ағымына сәйкес, олардың ішінен бірсыпырасы халық мүддесін қорғау жолында қоғамдағы саяси-әлеуметтік мәселелерге де қатыса бастады.

Бұл кейіпкерлерге қатысты, сонымен бірге, айта кететін жәйт – ол олардың халық арасында абыройға өздерінің тақуалығы, адалдығы мен тазалығы арқылы ғана ие болмай, сонымен қатар бұл абыройға өздерінің жоғары деңгейдегі діни білімдері арқылы да ие болғандығы. Егер сол тұстағы дәстүрлі қазақ қоғамында әр түрлі жаңа үрдістер орын ала бастап Далаға нешетүрлі «молдалар» келе бастағанын ескерсек, онда біз әнгімелеп отырған діни көшбасшылардың қызметі мен орны қандай маңызға ие болғанын тағы бір мәрте байқауға болады. Қаралып отырған кезеңде, Ресей патшалығының жүргізген отарлау саясаты тұсында, аталған дін қайраткерлері қоғамдағы

өзгерістерді ескеріп, сонымен бірге орын ала бастаған кедергілірге қарамастан өздерінің рухани миссияларын атқарып, қазақ қоғамындағы рухани құндылықтардың сақталуына маңызды үлестерін қосты.

**Қорытынды.** Мақалада қаралған кезеңде қазақ қоғамында дәстүрлі діни құндылықтарды насихаттау мен бірге рухани салада адал қызмет атқарған дін қайраткерлерінің осы тұстағы істерінің алатын орны зор. Олардың сол уақытта маңызды бағытта қызмет атқарып, қазақ ортасына рухани құндылықтарды сіңіріп, қоғамдық санада осы құндылықтардың сақталуына ықпал етуі сол бір қайшылығы көбейген заманда өте күрделі қызмет еді. Бұл ғасырлар бойы орын алған үрдістің аталған кезеңде де жалғасын табуының көрінісі деп білуімізге болады.

Деректер көрсеткендей бұл тарихи үрдісте аталған кезеңде де ишандар, ахундар, хазіреттер мен қожалар маңызды орын алып отырды. Олар шәкірттерге ұстаздық қызмет атқарумен қатар, халықтың бойында имандылық пен адамгершілік қағидаларының қалыптасуына ықпал етті. Сонымен бірге әлеуметтік ортада туындағын түрлі дау-жанжалды шешіп, әділ төрелік жасап, қоғамдағы ішкі тұрақтылықты сақтауға маңызды үлес қосып отырды.

Аталған тұлғалар рухани білім беруде де көптеген істер оздырды. Еліміздің әр жерлерінде солардың бастауымен мектептер, медреселер ашылып, оны тәмамдаған шәкірттер одан әрі білімдерін ірі мәдени орталықтарда жалғастыруға мүмкіндік алды. Қазақ қоғамында осылайша сол тұстағы дін көшбасшылары арқылы ислам діні білім мен тәрбиенің негізгі бастауларының бірі болды. Ресей патшалығы кезеңіндегі отарлық әкімшіліктің шектеуге бағытталған діни саясатына қарамастан жоғарыда сипатталып отырған үрдістер дәстүрлі рухани мәдениет пен ұлт болмысын сақтауда маңызды орын алды. XIX–XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы діни-ағартушылық қозғалыстар ислам дінінің, өзгеріске толы кезеңде, халық арасында өз орнын сақтап, ұлттық рухани дәстүр мен жанашылдықтың бір бірімен үйлесім табуына жол ашты. Мақаламызда анықталғандай қазақ қоғамына танымал діни қайраткерлердің өмірі мен рухани – ағарту саласындағы қызметтері олардың халқына және оның болашағына деген жанашырлығының көрінісі.

Бүгінгі таңда қоғамымыздағы өзекті мәселердің бірі - ол ұлттық құндылықтарды сақтау екені қазір баршамызға аян. Осы бағытта маңызды істердің бірі болып табылатыны – ол тарихымыздың әр кезеңіндегі діни қайраткерлердің мұрасын зерттеу. Себебі дәстүрлі ислам өкілдері ұлттық руханияттың қалыптасуына әрдайым мол үлес қосып отырды. Сол себепті бүгінгі қоғамымызда рухани тұтастық пен ұлттық бірегейлікті сақтау жолдарының бірі - өткенге көз жүгірту арқылы, қазақ қоғамына қызмет еткен тұлғалардың өмірі мен халыққа деген игі істерін зерделеу болып табылады. Сондықтан да осы бағыттағы ізденіс жұмыстарының жалғасуы уақыт талабы.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Дербісәлі, Ә. Исламның жауһарлары мен жәдігерліктері [Текст] / Ә. Дербісәлі. – Алматы: Атамұра, 2008. – 488 б.
- 2 Жандарбек, З. З. «Насаб-нама» нұсқалары және түркі тарихы [Текст] / З. З. Жандарбек. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 168 б.
- 3 Бартольд, В. В. Сочинения [Текст]. Т. VI. Работы по истории ислама и арабского халифата / В. В. Бартольд. – М., 1966. – 784 с.
- 4 Ибадуллаева, З. Ишандар [Текст] / З. Ибадуллаева // Егемен Қазақстан. – 2010. – 12 наурыз. – № 90–93.
- 5 Ұлттық энциклопедия [Текст]. Т. 1. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998.

6 Ислам: энциклопедиялық анықтамалық [Текст]. – Алматы: «Аруна» ЖШС, 2010. – 592 б.

7 Дербісәлі, Ә. Даланың дана перзенттері (Отырар, Жезд, Исфиджап, Сайрам, Тараз, Баласағұн ғұламалары жайлы жаңа деректер) [Текст] / Ә. Дербісәлі // Казахская цивилизация. – 2005. – № 1. – Б. 4–40.

8 Бейсенов, Б. Қ. Қазақ ойшылдары туралы: оқу құралы [Текст] / Б. Қ. Бейсенов. – Алматы, 2012. – 192 б.

9 Аралбай, Қ. Қ. Асылдың сынығы: әдеби-ғылыми ғұмырнамалық зерттеу [Текст] / Қ. Қ. Аралбай, М. Ә. Құғынбай. – Нөкіс: ҚР «Рухани мәдениет және ағарту» қоғамдық орталығы, 1998. – 48 б.

10 Автордың далалық этнографиялық материалдары [Текст] / мәлімет беруші: Г. Б. Жанбузов. – Орал, 2018.

11 Құттымұратұлы, Қ. Ақ Жайықта Жұмағазы хазірет [Текст] / Қ. Құттымұратұлы // Үш қиян. – 2010. – № 23.

12 Исламғали Құбайдоллаұлы, П. Қобдадан шыққан хазіреттер [Текст] / П. Исламғали Құбайдоллаұлы // Ақтөбе облысының қоғамдық-саяси газеті. – 2017. – 11 мамыр.

## REFERENCES

1 Derbisali, A. Islamnyn zhauharlary men zhadigerlikteri [Jewels and Relics of Islam]. Almaty: Atamyra, 2008. – 488 b. – (In Kaz)

2 Zhandarbek, Z. Z. “Nasab-nama” nuskalary zhane turki tarihy [Versions of “Nasab-nama” and Turkic History]. Almaty: Daik-Press, 2002. – 168 b. – (In Kaz)

3 Bartol'd, V. V. Sochineniya. T. VI. Raboty po istorii islama i arabskogo halifata [Collected Works. Vol. VI. Works on the History of Islam and the Arab Caliphate]. M., 1966. – 784 s. – (In Rus)

4 Ibadullaeva, Z. Ishandar [Ishans]. Egemen Kazakhstan. 2010. 12 nauryz. No 90–93. – (In Kaz)

5 Ulttyk enciklopediya [National Encyclopedia]. T. 1. Almaty: Kazakh enciklopediyasy, 1998. – (In Kaz)

6 Islam: enciklopediyalyk anyktamalyk [Islam: Encyclopedic Reference Book]. Almaty: “Aruna” ZhShS, 2010. – 592 b. – (In Kaz)

7 Derbisali, A. Dalanyyn dana perzentteri (Otyrar, Zhend, Isfidzhap, Sairam, Taraz, Balasagun gulamalary zhaily zhana derekter) [Wise Sons of the Steppe (New Data on the Scholars of Otyrar, Zhend, Isfidzhap, Sairam, Taraz, and Balasagun)]. Kazakhskaya civilizaciya. 2005. No 1. B. 4–40. – (In Kaz)

8 Beisenov, B. K. Kazakh oishyldary turaly: oku kuraly [About Kazakh Thinkers: Study Guide]. Almaty, 2012. – 192 b. – (In Kaz)

9 Aralbai, K. K., Kugbynbai, M. A. Asyldyn synygy: adebi-gylymi gumyrnamalyk zertteu [A Fragment of the Noble: Literary-Scientific Biographical Study]. Nokis: KR “Ruhani madeniet zhane agartu” kogamdyk ortalygy, 1998. – 48 b. – (In Kaz)

10 Avtordyn dalalyk etnografiyalyk materialdary [Author’s Field Ethnographic Materials]. Malimet berushi: G. B. Zhanbuzov. Oral, 2018. – (In Kaz)

11 Kytymyratly, K. Ak Zhaiykta Zhumagazy haziret [Zhumagazy Haziret in Ak Zhaiyk]. Ush kiyen. 2010. No 23. – (In Kaz)

12 Islamgali Kubaidollauly, P. Kobdadan shykkan haziretter [Hazirets Who Came from Kobda]. Aktobe oblysynyn kogamdyk-sayasi gazet. 2017. 11 мамыр. – (In Kaz)